

Ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторларының қоғамдық тәртіпті сақтаудағы және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін арттыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 желтоқсан N 1598. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 602 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.08.2022 № 602 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Барлық мәтін бойынша "учаскелік уәкілі", "учаскелік уәкілдерін", "учаскелік уәкілдерінің", "учаскелік уәкілдердің", "учаскелік уәкілін" деген сөздер тиісінше "учаскелік полиция инспекторы", "учаскелік полиция инспекторларын", "учаскелік полиция инспекторларының", "учаскелік полиция инспекторларының", "учаскелік полиция инспекторын" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.10. N 826 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Республика аумағында қоғамдық тәртіпті одан әрі нығайту, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу мен профилактикасы жөніндегі жұмыстарды жақсарту, ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторларының мәртебесін нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. <*>

Ескерту. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.08.10. N 826 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі учаскелік полиция инспекторларын оларға бекітіліп берілген әкімшілік учаскелердегі олардың негізгі қызметімен байланысты емес міндеттерді орындау үшін тартуға жол бермесін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.08.10. N 826 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

3. <*>

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.08.10. N 826 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне заңнамалық кесімдерде белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен:

1) мынадай есеппен айқындалған учаскелік полиция инспекторларының штат санын ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға арналған шығыстарды қаржыландыруды көздеу:

қалаларда:

учаскелік полиция инспекторы тұрғындар саны үш мыңнан аспайтын аумаққа бекітіледі;

учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыру үшін жауапты учаскелік полиция инспекторы тұрғындар саны бір мыңнан аспайтын аумаққа бекітіледі;

ауылдық жерде - учаскелік полиция инспекторы тұрғындар саны екі мыңнан аспайтын аумаққа бекітіледі;

2) учаскелік полиция инспекторларын автокөлікпен және оларды мынадай есеппен пайдалану үшін жағдай жасауды:

қалаларда және аудан орталықтарында - әрбір учаскелік полиция пунктiн кемінде бір бірлік автокөлікпен;

ауылдық жерде - әрбір учаскелік полиция инспекторын бір бірлік автокөлікпен қамтамасыз ету ұсынылсын.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.08.10. N 826 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

5. "Милицияның учаскелік инспекторларының жұмысын жетілдіру, олардың материалдық жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" СССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 3 ақпандағы N 136 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 2 наурыздағы N 88 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1598 қаулысына сәйкес
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы ішкі істерінің учаскелік уәкілетті органдары туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже ішкі істердің учаскелік полиция инспекторларының (аға учаскелік полиция инспекторларының) міндеттерін, жұмысын ұйымдастырудағы негізгі бағыттарын, міндеттері мен құқықтарын айқындайды (бұдан әрі - учаскелік полиция инспекторы).

2. Учаскелік полиция инспекторы өзі қызмет көрсететін учаскедегі аудандық, қалалық, қаладағы аудандық ішкі істер бөлімінің негізгі уәкілі болып табылады.

3. Учаскелік полиция инспекторының міндеттері мыналар болып табылады:
қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу;
заңмен белгіленген құзыреті шегінде, анықтауды және әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;
берілген өкілеттіктер шегінде қылмыстарды ашуға қатысу;
өзіне бекітілген әкімшілік учаскелерде қоғамдық тәртіп сақтауда патрульдік нарядқа көмек көрсету;
заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауға жәрдемдесу.

Учаскелік полиция инспекторларын осы Ережеде көзделмеген және өздеріне бекітілген әкімшілік учаскелерге байланысы жоқ тапсырмалар орындауға тартуға тыйым салынады.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Қазақ ССР-і Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Жарлықтары, осы Ереже, Қазақстан Республикасының басқа да нормативті актілері учаскелік полиция инспекторы қызметінің құқықтық негізін құрайды.

5. Учаскелік полиция инспекторларының қызметі басқа мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, еңбек ұжымдарымен және халықпен заңдылық, жариялылық, өзара іс-қимыл жасау принциптеріне құрылады.

6. Учаскелік полиция инспекторларының штаттық саны олар қызмет көрсететін учаске тұрғындарының санын және тиісті жылға мемлекеттік бюджетте көрсетілген жергілікті құқық қорғау органдарын ұстауға арналған шығындарды есепке ала отырып:

қалаларда - бір учаскелік полиция инспекторына үш мың тұрғыннан артық емес;

селолық жерлерде - екі мың тұрғыннан артық емес есеппен белгіленеді.

7. Учаскелік полиция инспекторларының қалалардағы әрбір үш, селолық жерде екі лауазымға аға учаскелік полиция инспекторының лауазымы енгізіледі, бұл тиісті жылға мемлекеттік бюджетте көзделген жергілікті құқық қорғау органдарын ұстауға арналған жалпы саны мен шығынның шегінде болады, аға учаскелік полиция инспекторы қызметінде учаскелік полиция инспекторлары тобын басқара алатын, әдетте, жоғары заң білімі мен жеткілікті жұмыс тәжірибесі бар адам бола алады.

Аға учаскелік полиция инспекторына бір мың адамнан артық емес тұрғыны бар учаске бекітіледі.

Аға учаскелік полиция инспекторы өзіне бекітілген учаскеге қызмет көрсетумен бірге учаскелік полиция инспекторларының жүктелген міндеттерін орындау жөнінде жұмыстарын ұйымдастырады, олардың басқа құқық қорғау органдары қызметкерлерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді, сондай-ақ олардың өзі басқаратын учаскелік полиция инспекторлары тобы қызмет көрсететін аумақта кешенді жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге қатысуын қамтамасыз етеді.

8. Учаскелік полиция инспекторын лауазымға тағайындау және одан босату облыстық, қалалық ішкі істер басқармасы бастығының бұйрығымен аудандық, қалалық ішкі істер органдары басшыларының ұсынысы бойынша жүзеге асырылады. Учаскелік полиция инспекторларының лауазымына жоғары немесе арнаулы орта заң білімі бар қызметкер бола алады.

9. Учаскелік полиция инспекторы қызмет уақытында белгіленген нысанды киімді киюге міндетті. Арнаулы тапсырмаларды орындау кезінде ол тікелей өз бастығының рұқсатымен, жай азаматтық киімде жүре алады.

10. Учаскелік полиция инспекторының жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасы ІІМ органдарында қызмет өткеру туралы ережесіне сәйкес белгіленеді. Учаскелік полиция инспекторының қызмет көрсететін аумақтағы оперативті жағдайға байланысты, қызмет уақытының негізгі бөлігін учаскеде өткізіп, тікелей өзіне жүктелген міндеттерді орындаумен шұғылдануын ескере отырып, оның жұмыс режимін тиісті ішкі істер органының бастығы айқындайды.

11. Учаскелік полиция инспекторларының жұмысын ұйымдастыру тиісті ішкі істер органдарының бастығына, оның әкімшілік қызмет жөніндегі орынбасарына, учаскелік полиция инспекторларына басшылық жасау жөніндегі бөлімше басшыларына жүктеледі. Учаскелік полиция инспекторлары қызметін ұйымдастыру-әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Алматы қалалық ішкі істер басқармасының және облыстардың Ішкі істер басқармаларының тиісті бөлімшелері жүзеге асырады.

12. Учаскелік полиция инспекторы өзіне жүктелген міндеттер мен өзінің құзыретті шегінде:

қылмыстар немесе құқық бұзушылықтар жасауы мүмкін адамдарды анықтауға және оларға қатысты алдын алу жұмысын жүзеге асыруға;

алдын алу ықпалына жататын адамдарға картотекалық есеп жүргізуге;

қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу, олардың жасалу себептері мен жағдайларын айқындауға;

ішкі істердің тиісті органының және кезекшіге учаскедегі оперативтік жағдайдың өзгеруі туралы баяндауға; қоғамдық тәртіп сақтауға қатысушы күштер мен құралдарды мейлінше мақсатқа сай дұрыс орналастыру мен пайдалану туралы ұсыныстар енгізуге;

заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алуға, олардың жасалу жағдайлары мен себептерін жоюға бағытталған нұсқаулар мен ұсыныстар жасауға;

берілген өкілеттіктер шегінде жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру, қылмыс жасап, тергеуден және соттан жасырынған адамдарды, сондай-ақ белгіленген тәртіппен іздестірілетін басқа да адамдарды іздеуде жәрдем көрсетуге;

берілген өкілеттіктер шегінде алдын ала тексеруді жүзеге асыруға;

берілген өкілеттіктер шегінде әкімшілік хаттамалар жасауға және әкімшілік шаралар қолдануға;

азаматтардың, лауазымды адамдардың, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің құқықтар мен заңды мүдделерін қорғауға көмек көрсетуге міндетті.

13. Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы", "Қазақ ССР-і әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөніндегі" Жарлықтарында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес, учаскелік полиция инспекторларына жүктелген міндеттерді нәтижелі жүзеге асыру мақсатында оларға мынадай құқықтар беріледі:

1) азаматтар мен лауазымды адамдардан қоғамдық тәртіпті сақтауды, ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін құқық бұзушылықтар мен іс-әрекеттерді тоқтатуды талап ету; осы талаптарды орындамаған жағдайда тиісті мәжбүрлік шараларын қабылдау, арнайы құралдарды және атыс қаруына дейін қолдану;

2) құқық бұзғандығына негізгі күдік бар кезде азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ ішкі істер органдарының жүктелген ережелерінің бақылаудың сақталуына тексеру үшін қажетті басқа да құжаттарды тексеру;

3) құқыққа қарсы жасалған немесе дайындалып жатқан кез келген қол сұғушылық, оның ішінде қылмыстар жөніндегі арыздар мен хабарлауларды өзіне берілген өкілеттіктер шегінде қабылдау және қарау, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және оларды жасаған немесе жасауға әрекеттенген адамдарды ұстау, қоғамға қауіпті зардаптарды болдырмау шараларын қолдану;

4) қылмыс іздерін анықтау және бекіту жөніндегі шұғыл тергеу жұмыстарын жүргізу;

5) ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар бойынша заңдармен берілген өкілеттіктер шегінде әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру; хаттамалар жасау, әкімшілік шаралар қолдану, құқық бұзушыларды ішкі істер органдарына және өздерінің қызметтік үй-жайларына жеткізу, әкімшілік ұстау жүргізу, адамдарды, заттарды, көлік құралдарын тексеру, заттарды алып қою, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша басқа да шараларын қолдану;

6) Қазақстан Республикасының "Жедел іздестіру қызметі туралы" Заңына сәйкес, өз құзыретінің шегінде жедел іздестіру шараларын жүзеге асыру. Заңда белгіленген шектерде және тәртіпте техникалық құралдарды, фото, кино, бейне, және дыбысты жазып алу құралдарын қолдану;

7) әкімшілік қадағалаудағы адамдардың үйлеріне тәуліктің кез келген мезгілінде болу, оларды тіркеуге алуды жүзеге асыру, олардың белгіленген шектеудің және басқа да әкімшілік қадағалау ережелерін орындауларын бақылау;

8) қоғамдық орындарда адамдық ар-намыс пен қоғамдық парасатты қорлап, мас күйде жүргендерді немесе қоршаған ортаға немесе өзіне зиян келтіретіндерді, ал үйінде болып және қоғамдық тәртіп бұзушыларды - олармен бірге тұратын азаматтардың арызы бойынша ішкі істер органдарының арнаулы медициналық мекемелеріне немесе кезекші бөлімдеріне жеткізу;

9) заңда көзделген негіздер бар кезде қылмыстардың жолын кесу, қылмыс жасаған деп күдіктелетін адамдардың ізіне түсу мақсатында, қоғамдық тәртіпке және азаматтардың жеке басының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін табиғат зілзалалары мен басқа да төтенше жағдайларда тәуліктің кез келген мезгілінде азаматтардың тұрғын үйлерін және оларға тиесілі үй-жайларға, жер учаскелеріне, кәсіпорындар мен ұйымдардың (дипломатиялық өкілдіктерден басқа) аумағына және үй-жайларына кіру, оларды тексеру, сондай-ақ жүргізілген шаралар аяқталғанша сонда болу;

10) өздеріне бекітілген әкімшілік учаскелерде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз ететін патруль нарядтарының қызмет атқаруын қадағалау;

11) құқық бұзған әскери қызметкерлерді ұстау және оларды әскери коменданттарға, әскери бөлім командирлеріне және әскери комиссарларға тапсыру;

12) жол ережелері қауіпсіздігін және құқық бұзушылықтың алдын алуды қамтамасыз ету мақсатында, қажет болғанда көліктерді тоқтатып оны жүргізушілердің көлікті пайдалану құқығы мен жүргізу жөніндегі құжаттарын, жолдамалары мен жүк тасымалдау жөніндегі құжаттарын тексеру; заңда көзделген жағдайларда көліктерге тексеру жүргізу; заңда көзделген жағдайларда көліктерге тексеру жүргізу; мас күйінде көлік жүргізетіндерді, көлікті пайдалану және жүргізу құқығы туралы құжаттары жоқ адамдарды көлік жүргізуден

шеттету; қажет болғанда көліктің және көшелер мен жолдардағы жаяу адамдардың қозғалысын уақытша шектеу немесе оған тыйым салу; заңдарға сәйкес, көліктерді ұстау және оларды уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға жеткізу;

13) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ішімдік, есірткі және басқа да жүйке қоздырғыш заттарды пайдаланған адамдарға куәландыру жүргізу немесе оларды куәландыруға медициналық мекемелерге жіберу немесе жеткізіп тапсыру;

14) жекелеген учаскелер мен аумақтарға азаматтардың кіруін уақытша шектеу немесе оған тыйым салу, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жедел-іздістіру шаралары мен тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде адамдардың белгілі бір орындардан кетуін міндеттеу;

15) ұйымдардың әкімшілігінің қатысуымен меншік нысанына қарамастан атыс және газды қарулар, түрлі-түсті көбейту техникасы, оқ-дәрілер, қопарғыш, қатты әсер етуші, улы және басқа нәрселерді, заттар мен материалдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тізбе бойынша қарау, азаматтардың рұқсат жүйесінің ережелерін сақтауын тексеру мақсатында олардағы қаруды, оқ-дәрілер мен оның сақталу орындарын қарау;

16) қолдану ережесі бойынша сынақ тапсырғаннан кейін табельдік және газды қаруды, кісендерді және басқа да арнаулы құралдарды сақтау және ұстау;

17) мыналарға қол қою және оларды жіберу:

а) қылмыстық істер мен хаттамалық нысандағы материалдар бойынша өтетін азаматтарды тексеру, сондай-ақ алдын алу жұмыстары жүргізілетін адамдарға қатысты сотталғандығы немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағандығы жөнінде мәліметтер алу үшін, тексеру жүргізу жөнінде құқық бұзушылардың жұмыс орнынан - азаматтардың арыздарын тексеруге, кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың сұрауларын орындауға және алдын алу жұмысын жүргізуге қажетті мінездемелерін, анықтамаларын және басқа да құжаттарын алу туралы; наркологиялық, психоневрологиялық диспансерлері және басқа да денсаулық сақтау органдарының мекемелерінен - құқық бұзушылар мен профилактика жүргізіліп жатқан адамдардың медициналық есепке тұруды, маскүнемдік немесе нашақорлық ауруларымен ауруы, емделуі жөнінде; травматологиялық пункттер, сот-медициналық сараптау бюросы мен басқа медициналық мекемелерінің жәбірленушіге салынған дене жарақаттарының дәрежесі туралы мәліметтерді беру жөнінде ақпарат орталықтарына сұрау салу;

б) әкімшілік жауапкершілікке тартылған, алимент төлеуден жалтарушы азаматтардың, әскери комиссариатқа барудан жалтарушы әскерге шақырылған азаматтардың мекен-жайы жөнінде кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың іздеу салуына берілетін жауаптар;

в) әкімшілік қадағалау мен тәрбие жұмысын жүргізу қажеттігі жөнінде қадағалауда тұрған адамның жұмыс орнына мәлімдеу;

г) профилактикалық жұмыс жүргізіліп жатқан адамдар және олармен тәрбие жұмысын жүргізу жөнінде еңбек ұжымдары мен қоғамдық бірлестіктерге ұсыныстар.

14. Учаскелік полиция инспекторы "Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында көзделген құқықтық және әлеуметтік қорғау кепілдіктерін пайдаланады.

2. Учаскелік полиция инспекторларының әлеуметтік кепілдіктері, қаржылай және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі

15. Учаскелік полиция инспекторы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі белгілеген нормалар мен тәртіпте арнаулы құралдармен және табельді қарумен қамтамасыз етіледі.

16. Құқық тәртібін қорғау міндеттерін атқару үшін учаскелік полиция инспекторы жергілікті бюджет қаражаты есебінен кейін ұстауы мен сатып алуына байланысты шығыстарын өтеумен қызмет иті сатып алынуы мүмкін.

17. Облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдері жергілікті бюджеттің немесе тартылған қаражаттың есебінен учаскелік полиция инспекторларын автокөлікпен, ал қажет болғанда - жүк көлігімен қамтамасыз етуге міндетті, селолық жерде жұмыс істейтін учаскелік полиция инспекторларының әрқайсысына - бір көліктен және қалалардағы аймақтық учаскелерге кем дегенде бір көлік бөлінуі тиіс.

18. Қызмет автокөлігін сақтау үшін учаскелік полиция инспекторларына қалалардың, аудандардың әкімдері көлік-жай немесе жабдықталған автотұрақтан орын бөледі. Қажет болған жағдайларда оған қызметтік жануарларды ұстайтын үй-жай бөлінеді.

19. Автокөлікті жөндеу тәртібін, учаскелік полиция инспекторларын оның босалқы бөлшектерімен, жанар-жағармай өнімдерімен, сондай-ақ қызметтік жануарлардың азығымен, оларды күтуге қажетті заттармен қамтамасыз етуді жергілікті өкілді және атқарушы органдар бекітеді.

3. Учаскелік полиция инспекторлары қызметін бағалау өлшемдері

20. Учаскелік полиция инспекторының қызметін бағалаудағы басты өлшем - оған жүктелген міндеттерді толық және сапалы орындау болып табылады.

Учаскелік полиция инспекторының қызметінің нәтижелері ең алдымен мыналарға жеке үлес қосуымен бағаланады:

есепке алынатын адамдарды анықтауды және оларға профилактикалық ықпал етуді толық қамтамасыз ету;

қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, анықтау және қылмысты ашу;

азаматтардың шағымдарын дер кезінде және сапалы қарау;

қызметтік тәртіпті және заңды жоғары дәрежеде ұстану.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК